

Мұқағали өмір сүрген уақыт – ішкі қайшылықтары дендеген, адамдық қасиет Алланың атымен емес, адамдардың ара қатынасымен өлшеніп, бағаналар алмағайып дәуір еді. Сондықтан ақын басқаша, жаңаша өмір сүруді қалады. Ол өзінің айтпақ ойын табиғатпен тілдесе отырып жеткізді.

Ақын айтып отырған «дүрбелең дүние» жаңалық емес, дүние дүние болғалы жалғасып, өсіп өніп, дамып, жетіліп келе жатқан дүрбелең. Әлсізді әлді соғар, ақылдыны ақымақ басқарар, арлыны арсыз аяққа таптар зауалды шақтардың бәріне куә, бәріне себепкер адам біткен осы дүрбелеңді өзгертер не тындырады? Алған асуы, шыққан белесінің биігіне қуану мен арандаған апаны, қырына алған қырсығына күйінуден өзге бөтен не істеді?

Құлап жатып сүрінгенге күлетін сұмырайлар, жалаңбұт отырып жыртыққа күлетін жыртықайлар әулетін бағып-қағып, басынан сипап, өсіріп отырғандар да адамдар емес пе? Осынау ежелгі шындықты ақын қайың көзімен көрсем деп армандайды.

Қысқаша айтқанда, бұл өлең адам жаны мен табиғаттың байланысынан туып отыр. Кемеңгер ақын өзінің жанын табиғаттың тамаша көркі жас қайың жанымен ұштастырғандай.

Жалпы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіндей келе Мұқағали Мақатаевтың лирикалық жанрдағы өлеңдерінің экология ғылым саласымен ұштасып жатқанын дәлелі ретінде:

«Мына дүние әділдіктен жаралған,
Өз орнында жер де, күн де, тау, орман,
Бір-бірінен қуат алған, нәр алған
Мына дүние әділдіктен жаралған»

-деп жырлағандай Мұқағали табиғатты сүйе білген, өзін де өлеңдерін де табиғаттан бөлек айыру мүмкін емес. Табиғатқа деген құрмет әр өлеңінен көрініс табады. Әрбір адам осы ақиық ақын жанындай нәзік табиғатқа деген құрметі ерекше болғанында, қазіргі таңда туып отырған экологиялық мәселелер болмас па еді. Әр адам өзін және қоршаған ортасын құрметтеп, таза ұстап, салауатты өмір сатымен өмір сүрсе, табиғат анаға деген құрметі жоғары болып, әр жұтым суымыз, ауамыз үшін алғыс білдіріп қорғаса, қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін сезіне білсе, нұр үстіне нұр болып, бүгінгі дүниеде айшықты болып отырған экологиялық апаттар болмас еді.

Ертеде қазақ халқы «Бір тал кессен он тал ек» деп бекер айтпаса керек. Сонау ерте замандағы ата-бабамыздың бізге қалдырған өсиетін қаншалықты орындап жүрміз, бір ағаштын өзі бір жылда 4-5 адамға татитын оттегімен қамтамасыз ететінін түсінген. Олай болса сол қағиданы ұстана келе «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші баріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Мақатаев «Мұқағали шығармашылығы» I том, Алматы 2006
2. М.Мақатаев «Жырлайды жүрек» Алматы 1989
3. «Мұқағали» Республикалық танымдық журналы
4. «Аңыз адам» Республикалық журналы
5. Ж.Б.Шілдебав «Қызықты экология» Алматы 2000
6. Қ.Б.Бекішев «Экологияның – рухани өрісі»

А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯМЕН БАЙЛАНЫСЫ

*Бекішев Қ.Б., б.ғ.к, профессор,
Сукурлыкова А.К., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Табиғат – дегеніміз мезгіл мен кеңістікте шексіз, тұрақты қозғалыста, өзгеруде, дамуда болатын бейорганикалық және органикалық дүние. Бұл адамзат қоғамының өмір сүруіне қажетті әлемдегі бүкіл материалдық, энергетикалық, информациялық және әртүрлі табиғи құбылыстардың жиынтығы. Адам шаруашылық қарекетінде табиғатпен байланысты, оған тікелей немесе аралық әсерін тигізеді.

Табиғат – адамзат қоғамы мен бүгінгі және келешек ұрпақтың материалдық, мәдени және рухани

қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында табиғат пен оның байлықтарын тиімді пайдалануға және қайтадан қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі. Адамның өндірістік әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін келеңсіз әсерін белгілі бір дәрежеде шектеп, табиғи қорларды ұтымды пайдалану ежелден бері адамзат қоғамының көкейтесті мәселелерінің бірі болып келді және қазіргі техникалық үдеріс заманында ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Адам мен табиғат арасындағы қарым – қатынас мәңгілікті және сонымен қатар тұтас күрделі мәселе. Халықтың өмірлік әрекетіне, әсіресе денсаулығы мен өсіп – өнуіне, тікелей немесе әлеуметтік – экономикалық жағдай арқылы жанама түрде табиғи ортаның құрауыштары мен олардың жиынтығы – атмосфералық ауа, табиғи сулар, топырақ жамылғысы, геологиялық құрылым, өсімдіктер мен жануарлар, сонымен қатар басқа да құбылыстар мен барлық биосферада жүретін процестер ықпал жасайды. Табиғат арқылы адамзат өзінің көптеген қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы – Көкшетау», «Жер жаннаты – Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген. «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Бұлақ көрсен, көзін аш»-деп, жас ұрпақтың бойына табиғатты қорғаудың тәрбиесін сіңірген. Табиғатта үздіксіз өзгерістер болып жатады. Мысалы, жанартаудың атқылауы, найзағайдың жарқылы, судың мұзға айналуы сияқты құбылыстар табиғаттағы өзгерістерді көрсетеді. Аспан денелерінің қозғалысы, гүлдердің шешек атуы, ағаштың жайкалып өсуі, өзеннің тасуы немесе көлдердің тартылып суалуы – осылардың барлығы да қоршаған ортадағы өзгерістер. Әлемде орын алатын сан алуан өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары бір-бірімен тығыз байланысты.

Адам үшін табиғат – ең қасиетті де қастерлі ұғым. Өйткені, адамның өзін дүниеге әкелетін аяулы да қадірлі жаны анасы болса, адамның табиғаты «Ана» деп құрметтеуінде өте үлкен мән жатыр, Адам – табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, адам өзіне керекті, қоректі заттардың бәрін табиғаттан алады. Сондықтан табиғат пен адамды бөліп қарауға болмайды. Әсіресе, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін табиғатсыз елестету мүмкін емес. Сан ғасыр бойы халқымыз кең далада өзін аялаған табиғат аясында көшіп-қонып тіршілік еткен. Табиғаттың сан алуан құпия сырларына үніліп, өзіндік ой түйген. Сол арқылы табиғат заңдылықтарына үндесіп, бірлікте өмір сүрген.

Әлемде адамзат тіршілігі бар ортаға біздің білуімізше әзірше тек Жер ғана жатады. Табиғат пен оның байлықтары адамдардың өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік – экономикалық дамуы әл – қуатын арттырудың негізі болып саналады. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау мәселесі қазіргі заманның маңызды, қажетті мәселелерінің бірі болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау дегеніміз – табиғат пен адамның өзара қарым – қатынасындағы атмосфералық ауаны, суды, жерді, жер мен оның қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, табиғи ресурстарды тиімді де ұтымды пайдалану, сауықтыру, сапасын жақсарту, молықтыру.

Белгілі айтыскер, жыршы Шынболат Ділдебаевтың әйгілі «Шындық» туралы толғауы, кейінгі буын айтыскерлеріне үлгі – өнеге, сара жол іспеттес болды. Айтыс өнерінде өзіндік өрнек қалдырған кенші – ақынның бұл толғауы, халық көкірегінде ұзақ жылдар бойы шемен болған шерді қозғады.

«...Туған елдің қазынасының бәрін ап,
Ұрпағымыз кейін немен жарымақ?!
Полигон боп, Абай, Мұхтар жүрген жер,
Атом неге тек Семейде жарылад?!
Бұл сөзіме түсінер – ау есі бар,
Кімнің, қандай, ала алмаған өші бар.
Талай елсіз Тундралар да жатқанда,
Сары алтындай, Сарыөзекте несі бар?!

Мәз болмайық арқамыздан қаққанға,
 Мәз болмайық жұлдыз әкеп таққанға.
 Кімге керек жал мен жая жегенің,
 Бауырларың қылтамақ боп жатқанда?...» [1, 116]

Халқымыздың экологиялық таным – түйсігі сонау көне дәуірлерден бастау алып, қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Мысалға алсақ, шамамен біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңжылдықта өмір сүрген Заратуштраның «Күнге мадақ» атты өлеңі ата – бабаларымыздың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын, таным – түсінігінен біршама хабардар етеді. Мәселен Заратуштраның:

« Біз тұлпарлары қанатты,
 Мәңгілік Жарыққа,
 Күнге сиынамыз.
 Күн жарық шашқанда,
 Күн жылу шашқанда,
 Жүз мыңдағандар
 Құдіретті сезінеді.
 Содан соң Мазданың
 Сыйлаған Жерінде
 Жарық – нұр салтанаты үшін
 Бақытын табады әркім

Бақыт сыйлайды әркім...»[1,134], - деген сөздері сол кездің өзінде бүгінгі ғалымдардың қызу – пікірталасына арқау болған «күн энергиясы» проблемасын жақсы түсінгендігін байқатады.

Экологиялық ахуал мен қоршаған орта, табиғатқа байланысты айтылған көне дәуір жырларынан мұндай мысалдар өте көп. VII – VIII ғасырларда өмір сүрген Қорқыт, Әбу Насыр Әл – Фараби шығармаларынан да экологияға, табиғатқа байланысты философиялық пайымдауларды анық байқауға болады. Ұның өзі ата – бабаларымыздың қоршаған орта, табиғатқа деген кіршіксіз сүйіспеншілігі мен өзіндік қасиетін танытады.

Халықтың экологиялық таным – түйсігін танытатын табиғат, туған жерге деген кіршіксіз махаббат пен зор сүйіспеншілік Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау поэзияларында да жиі кездесіп тұрады. Мысалы, Ақтамберді жыраудың:

« Жарлауға біткен жапырақ –
 Жамылсақ, тоңар ма екеміз?!
 Жазыққа біткен бүлдірген – [1,142]

Сұғынсақ, тояр ма екеміз?» - деген жыр жолдары табиғат ананың әрі пана, әрі нәр болатынын, яғни тіршіліктің өзегі қоршаған ортадан бастау алатындығын насихаттайды.

Табиғатты жырламаған ақын- жазушылар жоқ шығар,сірә! Айталық, Төл ақын – Абайдан бастап Сәкенге дейін жалғасқан.

Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаев поэзиясын зерттеушілеріміз азаматтық һәм табиғат лирикасы деп қарастырады. Шын мәнінде Абайдың табиғат лирикасы халық таным – түйсігін философиялық тұрғыдан тереңдете түскен туындылар. Табиғаттың төрт мезгіліне арналған «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұрым» өлеңдері көшпелі қазақ халқының өмір сүру заңдылықтарымен байланыстыра шығарылған. Халық пен табиғаттың ажырамас бірлігін, өзара рухани, материалдық үндестігін шебер, шендестіре жазған. Жооғарыда атап өткен көне дәуір жыраулар поэзиясындағы қоршаған орта, табиғатқа деген философиялық пайымдаулар жаңаша сипаттармен толығып, халық танымына соншалықты жақын кейіпте баяндалады.

Табиғат, туған жерге құрметпен қарау, оны аялау сезімдері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлынан басталып, бұл дәстүр жалғастығы Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Қасым Аманжолов шығармаларында жалғасып, ерекше насихатталған.

XX ғасырдағы Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова сияқты талантты ақындардың шығармашылығында да табиғат, қоршаған орта, экология мәселесі кеңінен қарастырылады. XXI ғасырдың басы бүкіл адамзат үшін экологиялық ахуалдың шиеленісіп, барынша асқынған кезеңінде айналды. Серік

Ақсұңқарұлының: «Қарқаралыны өрт шалды, Қара орманым оталды», - деп қиналатыны да осы кезең еді.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада өзгерістер пайда болған сайын бұл қазыналар өзінің жаңа қырларымен жарқырап, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі ұрпақтар айқын көз жеткізді.

Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасырдан, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық еткеніне бір ғасырдан астам уақыт өтіп кетіпті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай құбылыстар айналасында болмасын, темірқазық, адастырмас құбылнама болып келеді.

«Абай – біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ұлы ақын. Ол бұрынғы қазақ өлеңінің арнасына тыңнан табыстар тауып, үлгілер қосты. Терең ойдың тлғауы, мұң – махаббаттың лирикасы, табиғат лирикасы, кестелі көркем суреттер, алдыңғы елдер ақындарының үлгілері, мысал, сықақ түрлері бізге Абаймен келді.

Абай Құнанбайұлы өзінің «Қыс» атты өлеңінде:

« Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті – басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар

Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.

Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,

Аязбенен қызарып, ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,

Басын сіліке, қар жауып, мазанды алды.

Борандай бұрқ – сарқ етіп долданғанда

Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Әуес көріп жүгірген бас балалар

Беті – қолы домбығып, үсік шалды.

Шидем мен тон қабаттан киген малшы [2,85]

Бет қарауға шыдамай теріс айналды...», - қыс мезгілін тірілтіп, тірі адам ретінде ерекше шеберлікпен сипаттайды.

Ақынның тағы да айта кететін ерекше шығармасы – «Жаз» өлеңі.

«Жаздыгүні шілде болғанда,

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда,

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда;

Шұрқырап жатқан жылқының

Шалғыннан жоны қылтылдап,

Ат, айғырлар, биелер

Бүйірі шығып, ыңқылдап,

Суда тұрып шыбындап,

Құйрығымен шылпылдап,

Арасында құлын – тай

Айнала шауып бұлттылдап...» [2,53] Ұлы ақын бұл өлеңінде жаз мезгілін суреттеп, жаз мезгілінің әр кезеңін өлеңге сыйдыруға тырысқан.

Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы табиғат-анаға қарыздар. Сондықтан да Табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Сонымен , Экология адамзат үшін маңызды рөл атқарады. Таза ауа, мөлдір су, айналадағы тазалық барлығы ең алдымен адам денсаулығына пайдалы. Әр тұлға өзі өмір сүретін ортасын қадірлеуге міндетті. Жалпы рефераттың тақырыбы өте өзекті болып табылады. Себебі, қазіргі

заманда өзін қоршаған ортаны таза ұстай алуға тырысатын, ұмтылатын азаматтар азаюда, тіпті жоқтың қасы десек те болады. Бұл ең алдымен эстетикалық тазалықтан басталады. Табиғат пен адам өзара тығыз байланысты.

Табиғат әлемі суреттелген шығармалардағы көркем ой, жайдарлы табиғат суреттері арқылы балаларды әсемдікті, сұлулықты көре білуге, бағалауға үйрету, экологиялық тәрбие беру, табиғатты қорғауға үйретудің маңызы зор.

Ақырында, Абай – дарынды суреткерлікті терең ойшылдықпен ұштастырған кемелді кемеңгер, ғұлама дана. Ол туған табиғаттың тылсым сырларына үңілсе де, адам жанының небір қалың қатпарларын қопарып, ақтарса да немесе өзі өмір сүрген ортаның, туған халқының әріден айтқанда, бүкіл адамзаттың өткені мен болашағына көз жіберіп, адам мен қоғам арасындағы қарым – қатынастардың тереңіне бойласа да, ол әрдайым ой тереңдігі мен кемеңгерлігін танытып отырады.

Абайдың даналық мұрасындағы аса бір нәрлі де мәнді бөлігі - оның Адам мен Табиғат, Өмір мен Өлім жөніндегі толғаныстары.

Ақын мұрасы – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын камтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршеңдігімен, әрқырлығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандай биікке көтерілсе де, Абайдың аты мен сөзі, оның аузындағы жыры, көкірегіндегі иманы, санасындағы ойданы болып қала береді.

Абай ақындығының тарихымызбен бірге жасайтын ұлы тағылымы да – осында деп ойлаймын! Абай – біздің жадымызда мәңгілік қалатын ұлы ақын, ұлы ұстаз және ел қамқоршысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Экологияның рухани өрісі/Қ.Б.Бекішев, Қ.Д.Асанов/Қарағанды/2014ж/205б
2. Шығармалар/Абай Құнанбаев/Алматы/Мөр баспасы/1994ж/415 бет
3. Абай: Даналық кітабы/Ж.Ысмағұлов/Алматы/Өнер баспасы/2007 ж/400 б
4. Бейсенова Ә.С./Экология және табиғатты тиімді пайдалану/Алматы/2004ж/322б
5. Жатқанбаев Ж.Ж./Экология негіздері/Алматы/2008ж/210 бет
6. Г.С.Оспанова, Г.Т.Бозшатева/Экология/Алматы/Экономика/2002ж/405бет

ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЙҒАҒЫ

Даниярова М.Т., №85 ЖББОМ

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Базылова А.С., №137 НОМ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тіл мен егемендік - егіз ұғым. Тілсіз- тәуелсіздік, егемендіксіз - тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз. Ал біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін арттыру.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында: «Тіл-ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген. Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. өзіміз танып қана қалмай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. әлемді танимыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі-сөз өнері. «Өнер алды-қызыл тіл» деген аталы сөздің астарында қаншама сыр жатыр.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай .қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс.